

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанынан агроөнеркәсіптік кешен Кеңесін құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1993 жылғы 21 мамырдағы N 425. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 13 наурыздағы N 301 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 13 наурыздағы N 301 Қаулысымен.

Әлеуметтік-экономикалық реформаны тереңдету жағдайында ауыл шаруашылығын, тамақ және ұқсату өнеркәсібінің, материалдық-техникалық қамтамасыз етуді дамыту саласында бірыңғай мемлекеттік саясат жүргізу жөніндегі іс-әрекетті үйлестіру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді: 1. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанынан мынадай құрамда агроөнеркәсіптік кешен Кеңесі құрылсын: Кеңес төрағасы Есімов А.С. - Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары Кеңес төрағасының орынбасарлары Карибжанов Ж.С. - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі Бектемісов А.И. - "Кең дала" мемлекеттік акционерлік компаниясының президенті Дінішев Т.М. - "Тағам" мемлекеттік акционерлік компаниясының президенті Кеңестің жауапты хатшысы Романов А.Ф. - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің бірінші орынбасары Кеңес мүшелері Беляков В.П. - "Құнарлылық" мемлекеттік акционерлік компаниясының президенті Гончаров В.А. - "Тоған" мемлекеттік акционерлік компаниясының президенті Горкопенко А.Ф. - "Ақ қауырсын" мемлекеттік акционерлік компаниясының президенті Елемесов К.Е. - "Руноқаракөл" мемлекеттік акционерлік компаниясының президенті Қалиев Ғ.А. - Қазақ ауыл шаруашылық академиясының президенті Қыпшақбаева Н. - Қазақстан Республикасының Су ресурстары жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы Зиябеков Б.З. - Қазагроөнеркәсіпбанк Басқармасының төрағасы Красносельский Н.Ф. - Қазақстан Республикасы Экономика министрінің орынбасары Кулишов Г.Ф. - "Жеміс" жеміс-көкөніс агроөнеркәсіптік құрамалары Республикалық бірлестігінің төрағасы Құсайынов А.Қ. - "Асыл" мемлекеттік акционерлік компаниясының президенті Менжулин Б.И. - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің орынбасары Мүсілімов М.С. - "Ауыл құрылысы" мемлекеттік акционерлік компаниясының президенті Науменко И.Н. - Өнеркәсіптік негізде мал шаруашылығы өнімін өндіру жөніндегі ауыл

шаруашылығындағы Өндірістік бірлестігінің төрағасы Оспанов Б.С. - Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеттің төрағасы Остапенко Ю.И. - "Астық" мемлекеттік акционерлік компаниясының президенті Сәрсенов Ө.С. - Қазтұтынуодағы Басқармасының төрағасы Сәрсекенов Т.Б. - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы Балық шаруашылығы жөніндегі комитет төрағасы Федченко В.Г. - "Қазагрожөнмаш-холдинг" ауыл шаруашылық машиналарын жасау және агроқызмет көрсету жөніндегі мемлекеттік холдингтік компания президенті" ЕСКЕРТУ. Құрамға өзгеріс енгізілді - ҚРМК-нің 1993.08. N 886 қаулысымен. ЕСКЕРТУ. Құрам өзгертілді - ҚРМК-нің 1996.01.06. N 11 қаулысымен. 2. Агроөнеркәсіптік кешен Кеңесі туралы қоса беріліп отырған Е р е ж е б е к і т і л с і н .

3. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі Б.М.Тұрсынбаев Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Президиумы қ ұ р а м ы н а е н г і з і л с і н .

4. Мыналар күшін жойған деп танылсын:

Қазақ ССР Министрлер Кабинетінің "Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және азық-түлік министрлігі туралы" 1991 жылғы 29 наурыздағы N 210 қаулысының 1 0 т а р м а ғ ы ;

Қазақ ССР Министрлер Кабинетінің "Агроөнеркәсіптік кешен жүйесін Үйлестіру кеңесінің құрамын бекіту туралы" 1991 жылғы 27 мамырдағы N 332 қ а у л ы с ы ;

Қазақ ССР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 23 тамыздағы N 485 қаулысымен (Қазақ ССР ҚЖ, 1991 ж., N 19, 134-бап) бекітілген Қазақ ССР агроөнеркәсіп кешен жүйесінің Үйлестіру кеңесі туралы Ереже.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 21 мамырдағы N 425 қаулысымен б е к і т і л г е н

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы агроөнеркәсіптік кешен Кеңесі туралы

Е Р Е Ж Е

1. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы агроөнеркәсіптік кешен Кеңесі экономикалық реформа жағдайында республиканың агроөнеркәсіптік кешенін дамыту жөніндегі бірыңғай мемлекеттік саясат жүргізеді және оны тарату жөніндегі іс-қимылды үйлестіруді

ж ү з е г е

а с ы р а д ы .

2. Агроөнеркәсіптік кешен кеңесінің (бұдан әрі Кеңес деп аталады) басты міндеті - ауыл шаруашылық өнімдерін өндірумен айналысатын, ауыл шаруашылығы үшін өндіріс құралдарын шығаратын, ауыл шаруашылық шикізатын және осы шикізаттан өндірілген өнімді ұқсатуды, сатуды және өткізуді жүзеге асыратын республиканың селолық, поселкелік желісіне қызмет көрсететін ауыл шаруашылығының мемлекеттік, жеке меншік, ұжымдық кәсіпорындарын, өндірістік және тұтыну кооперативтерін, кәсіпорындарды, бірлестіктерді және басқа шаруашылық субъектілерін құқылық қорғауды, материалдық-техникалық және қаржылық қолдануды қамтамасыз етуді жүзеге асыру болып табылады.

О с ы м а қ с а т п е н , К е ñ е с :

агроөнеркәсіптік кешенін оған кіретін салалардың экономикалық, құқылық, технологиялық және ұйымдық байланыстарын реттеу жолымен перспективалы дамытудың маңызды бағытын;

ғылыми-техникалық прогресті жеделдетуге, ғылыми ұйымдардың қызметі мен дамуын үйлестіруге, ғылыми зерттеулер тақырыбын қалыптасыруға байланысты негізгі мәселелерді;

шаруашылық жүргізудің түрлі нысанындағы агроөнеркәсіптік кешен салаларын дамытуды теңдестіруді, ауыл шаруашылығын ұқсату өнеркәсібімен интеграциялауды және осыған байланысты мәселелерді ұтымды әрі тиімді инвестициялауды, қаржыландыруды, кредиттеуді және баға белгілеуді;

селоның әлеуметтік саласын, аграрлық сектор қызметкерлерін әлеуметтік қорғауды кешенді өзгерту, жоғары оқу орындары, техникумдар мен кәсіптік-техникалық училищелер арқылы кадрлар мен қамтамасыз етуді;

агроөнеркәсіптік кешеннің материалдық-техникалық базасын дамытуды, совхоздарды, колхоздарды, акционерлік қоғамдарды, шағын кәсіпорындарды, кооперативтерді, шаруа қожалықтары мен олардың ассоциацияларын, басқа да ауыл шаруашылық, ұқсату және оларға қызмет көрсетуші кәсіпорындарды, бірлестіктер мен ұйымдарды материалдық-техникалық ресурстармен қамтамасыз етуді;

экономикалық және жер реформасын жүзеге асыруды, шаруашылық жүргізудің түрлі нысандарын дамытуды;

өндірісті тиімді орналастыруды, ауыл шаруашылық өнімдерін сатып алуды, ұқсатуды, сақтауды және пайдалануды, оны мемлекет мұқтажы үшін беруді;

агроөнеркәсіптік кешен салаларын сумен жабдықтау үшін су ресурстарын тиімді пайдалануды және су шаруашылығы және мелиорациялық объектілерді пайдалануды;

шет елдермен байланысты дамытуды, тиісті келісімдер жасауды және оған

б а қ ы л а у д ы ;

қажет болған жағдайда Үкімет құжаттарының жобаларын Министрлер Кабинетіне енгізуді қарап, шешеді.

3. Агроөнеркәсіптік кешен Кеңесі бір жылға жасалған жоспар бойынша жұмыс істейді. Жоспарлардың жобалары Кеңес мәжілісінде бекітіледі.

4. Кеңес мәжілісі қажет болған жағдайда өткізіледі. Кеңес мәжілістері аралығындағы кезеңде оны төрағасы (орынбасарлары) өз құзыры шеңберінде мәселелерді жедел шешу үшін Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенінің жүйесіне кіретін барлық министрліктердің, ведомстволардың, концерндердің, ассоциациялардың, бірлестіктердің, кәсіпорындар мен мекемелердің, орындауына міндетті болып табылатын өкімдер шығарады.

5. Кеңес мәжілісіне министрліктердің, ведомстволардың, концерндердің, бірлестіктердің, кәсіпорындардың, ұйымдардың басшылары мен жауапты қызметкерлері, ғалымдар, облыстық басқа да құрылымдарының басшылары ш а қ ы р ы л а д ы .

Кеңестің шешімі протоколмен хатталады.

6. Агроөнеркәсіптік кешен Кеңесі материалдарды әзірлеу барысында министрліктерде, бірлестіктерде, концерндерде, комитеттерде, басқа да ұйымдық-шаруашылық құрылымдарда, кәсіпорындарда, ұйымдарда, ғылыми және оқу орындарында қызмет істейтін басшылардан, ғалымдар мен мамандардан жұмыс топтарын құрады.

Аталған топтар терең талдау жасау негізінде агроөнеркәсіптік кешендегі элеуметтік-экономикалық реформаны және ұйымдық-шаруашылық құрылымдарды жетілдіру, материалдық-техникалық, ғылыми қамтамасыз етуді жақсарту, қолда бар нормативтік-заңдық базаларға толықтырулар мен өзгертулер енгізу жөнінде және басқа мәселелер бойынша Кеңеске ұсыныс береді, сондай-ақ Кеңес бұрын қабылдаған шешімдердің орындалуына бақылау жасайды.

Кеңес жұмыс топтарының қызметін үйлестіруді, жұмыс жоспарының жобаларын қалыптастыруды қамтамасыз ету, Кеңес мәжілістерін әзірлеу мен өткізуді ұйымдастыру Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне жүктеледі.